

Терапиялық пайдалануға (ТП) өтінім беру үшін бақылау нысаны:

### Ерлер гипогонадизмі

Тыйым салынған зат: Тестостерон, адамның хорионикалық гонадотропині

Бұл бақылау нысаны спортшыны және оның дәрігерін ТП-ға өтінімге қойылатын талаптармен таныстыруға арналған, бұл талаптар ТП комиссиясына ТП Халықаралық Стандартының тиісті критерийлерін қанағаттандыратынын бағалауға мүмкіндік береді.

Тек толтырылған ТП өтінімі жеткіліксіз екенін ескеріңіз; сонымен қатар растайтын құжаттар берілуі ТИИС. Толтырылған өтінім мен бақылау тізімі ТП-ға рұқсат берілуіне кепілдік бермейді. Керісінше, кейбір жағдайларда заңды қосымшада бақылау тізімінде әрбір элементтің болмауы мүмкін.

<input type="checkbox"/>	<b>ТП өтінім нысаны қамтуы тиіс:</b>
<input type="checkbox"/>	Барлық бөлім түсінікті қолмен толтырылуы керек.
<input type="checkbox"/>	Барлық ақпарат ағылшын тілінде, аурудың диагнозы мен субстанция латын тілінде берілуі тиіс. Қазақ/орыс тілдеріндегі диагнозды растайтын құжаттар ағылшын немесе француз тіліне аударылып берілуі керек.
<input type="checkbox"/>	Емдеуші дәрігердің қолы
<input type="checkbox"/>	Спортшының қолы
<input type="checkbox"/>	<b>Медициналық қорытындыда мынадай мәліметтер болуы керек:</b>
<input type="checkbox"/>	Ауру тарихы: жыныстық жетілу барысы; либидо және сексуалды белсенділіктің жиілігі, соның ішінде кез-келген проблемалардың ұзақтығы мен ауырлығы; эрекция және / немесе шәует шығару; құйылу/тершендік; жұмыртқалар қызметінің бұзылуы; бастың елеулі жарақаттары; мұндай болған жағдайда; орхит; жағдайларға байланысты кешіктірілген жыныстық жетілудің отбасылық тарихы; ерекше емес симптомдар (оң немесе теріс)
<input type="checkbox"/>	Физикалық тексеру: гинекомастия; шаш суреті (қолтық асты және қасағаі), қырынудың азаюы; орхидиометр немесе ультрадыбыстың көмегімен жұмыртқаның көлемі; биіктігі, салмағы, ДСИ; бұлшық еттің дамуы және тонус (ескере отырып, кіргізу керек)
<input type="checkbox"/>	Емдеуші дәрігердің, абзалы андрология саласында қосымша маманданған эндокринология маманының тарихқа, презентация және зертханалық нәтижелерге интерпретациясы
<input type="checkbox"/>	Диагноз: бастапқы немесе қайталама гипогонадизм; органикалық немесе функционалды (ТП-ға рұқсат тек органикалық себептер бойынша ғана берілетінін ескеріңіз)
<input type="checkbox"/>	Тағайындалатын зат (тестостерон және адамның хорионикалық гонадотропині, екеуіне тыйым салынған), оның ішінде мөлшері, жиілігі, енгізу жолы
<input type="checkbox"/>	Емдеу жоспары және мониторинг
<input type="checkbox"/>	Создыру үшін білікті дәрігердің спортшыны қадағалауын / бақылауын дәлелдейтін анықтамалар
<input type="checkbox"/>	<b>Диагностикалық сынақ / шкала нәтижелері мыналардың көшірмелерін қамтуы тиіс:</b>
<input type="checkbox"/>	Зертханалық тесттер (таңғы сағат 10-ға дейін, аш қарынға 4 апта ішінде кемінде екі рет арасына кемінде 1 апта салып ): сарысудағы жалпы тестостерон, сарысу ЛГ, сарысу ФСГ, сарысу ЖГБГ (жыныстық гормондарды байланыстыратын глобулин)
<input type="checkbox"/>	<b>Қосымша ақпарат, оның ішінде:</b>
<input type="checkbox"/>	Сперманы талдау, оның ішінде сперматозоидтар саны, егер туып көбею мәселе болса
<input type="checkbox"/>	В ингибині (туа біткен оқшауланған гипогонадотропты гипогонадизм немесе конституциялық кешіктірілген жыныстық жетілуге қатысты)
<input type="checkbox"/>	Гипофиздің контрасты және онсыз МРТ; гипофиздің функциональдық сынақтары, көрсетілгендей, мысалы, таңертеңгі кортизол, АКТГ ынталандыру, ТТГ, еркін Т4, пролактин
<input type="checkbox"/>	Екінші гипогонадизмнің органикалық этиологиясын анықтауға арналған басқа диагностика (мысалы, пролактин, безді зерттеу және тұқым қуалайтын гемохроматозға генетикалық сынақ)
<input type="checkbox"/>	Қажет болса, Dexa сканері (қос энергиялық рентген абсорбциометрия)